



CENTERCREDIT

**«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының
(«Банк ЦентрКредит» АҚ)
үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі
облигациялардың бесінші шығарылымының
ПРОСПЕКТІСІ**

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығаруды (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығаруды) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсыныстарды беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялар айналысы кезеңінде эмитент Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығындағы ақпаратты жария етуді қамтамасыз етеді.

Алматы, 2021 ж.

*«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі
облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі*

1.	Осы облигациялардың шығарылымы «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының (бұдан кейін – Эмитент) үшінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.	
2.	«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының облигациялық бағдарламасы туралы деректер:	
1)	облигациялық бағдарлама мемлекеттік тіркеуге қойылған күн:	09.06.2015 ж. № E99
2)	шегінде облигация шығарылымы жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның ақшалай сипаттағы көлемі:	250 000 000 000 теңге
3)	үшінші облигациялық бағдарламаның шегінде бұрынғы барлық облигациялар шығарылымдары туралы деректер:	
a)	үшінші облигациялық бағдарламаның шегіндегі облигациялардың бірінші шығарылымы:	
	облигациялардың шығарылымын уәкілетті органда тіркеу күні	11.08.2015 ж.
	облигациялардың саны мен түрі	Реттелген қамсыздандырылмаған атаулы купондық облигациялардың 500 000 000 данасы.
	номиналдық құны бойынша шығарылым көлемі	50 000 000 000 теңге.
	шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны:	221 538 757 дана.
	облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі:	20 368 261 145,63 теңге.
	осы облигациялар шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы:	01.06.2021 ж. жай-күйі бойынша. Есептелді: 11 043 154 251,14 теңге. Төленді: 10 667 769 135 теңге.
	сатып алу күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны:	Эмитент облигацияларды кері сатып алған жоқ.
	орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және олардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің облигация ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы:	Эмитенттің облигация ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері орын алған жоқ.
	егер облигациялар шығарылымын орналастыру не айналысқа енгізу тоқтатылған (жалғастырылған) жағдайда, ондай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемесі мен күні көрсетіледі:	Осы шығарылымның облигацияларын орналастыру және айналысқа енгізуді тоқтату (жалғастыру) фактілері орын алған жоқ.
	сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, облигациялар айналыста болатын нарықтар:	Облигациялар ұйымдастырылған нарықта айналысқа енгізіледі және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізімінде көрсетілген.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі

<p>бұдан бұрын шығарылған, айналыстағы облигациялардың әрбір түрімен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар, оның ішінде ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар:</p>	<p>Облигация ұстаушылардың құқықтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - осы Проспектіде көзделген талаптармен және мерзімде облигациялардың номиналды құнын алу; - осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімде бекітілген сыйақыны алу; - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі ережелерінде және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі мен оның қаржылық жай-күйі туралы қажетті ақпарат алу; - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру; - осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде облигациялар бойынша сыйақы мен негізгі борышты төлеуге қатысты Эмитент өз міндеттемелерін орындамаған әрбір күн үшін өсімпұл төлеу түрінде тұрақсыздық айыбын талап ету; - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтарды иелену.
б)	<p>үшінші облигациялық бағдарламаның шегіндегі облигациялардың екінші шығарылымы:</p>
<p>облигациялардың шығарылымын уәкілетті органда тіркеу күні</p>	<p>09.10.2017 ж.</p>
<p>облигациялардың саны мен түрі</p>	<p>Жай акцияларға айырбасталатын, реттелген қамсыздандырылмаған атаулы купондық облигациялар облигациялардың 60 000 000 данасы.</p>
<p>номиналды құны бойынша шығарылым көлемі</p>	<p>60 000 000 000 теңге.</p>
<p>шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны:</p>	<p>60 000 000 дана.</p>
<p>облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі:</p>	<p>60 000 000 000 теңге.</p>
<p>осы облигациялар шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы:</p>	<p>01.06.2021 ж. жай-күйі бойынша. Есептелді: 8 580 000 000,04 теңге. Төленді: 7 200 000 000 теңге.</p>
<p>сатып алу күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны:</p>	<p>Эмитент облигацияларды кері сатып алған жоқ.</p>
<p>орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және олардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің облигация ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау</p>	<p>Эмитенттің облигация ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері орын алған жоқ.</p>

*«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі
облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі*

<p>фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы:</p>	
<p>егер облигациялар шығарылымын орналастыру не айналысқа енгізу тоқтатылған (жалғастырылған) жағдайда, ондай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемесі мен күні көрсетіледі:</p>	<p>Осы шығарылымның облигацияларын орналастыру және айналысқа енгізуді тоқтату (жалғастыру) фактілері орын алған жоқ.</p>
<p>сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, облигациялар айналыста болатын нарықтар:</p>	<p>Облигациялар ұйымдастырылған нарықта айналысқа енгізіледі және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізімінде көрсетілген.</p>
<p>бұдан бұрын шығарылған, айналыстағы облигациялардың әрбір түрімен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар, оның ішінде ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар:</p>	<p>Облигация ұстаушылардың құқықтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - осы Проспектіде көзделген айырбастау тәртібімен және талаптарымен облигацияларды Эмитенттің жай акцияларына айырбастау; - Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Проспектіге сәйкес облигациялармен мәмілелер жасау; - осы Проспектіде көзделген талаптармен және мерзімде облигациялардың номиналды құнды алу; - осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімде бекітілген сыйақыны алу; - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі ережелерінде және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі мен оның қаржылық жай-күйі туралы қажетті ақпарат алу; - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру; - осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде облигациялар бойынша сыйақы мен негізгі борышты төлеуге қатысты Эмитент өз міндеттемелерін орындамаған әрбір күн үшін өсімпұл төлеу түрінде тұрақсыздық айыбын талап ету; - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтарды иелену.
<p>в)</p>	<p>үшінші облигациялық бағдарламаның шегіндегі облигациялардың үшінші шығарылымы:</p>
<p>облигациялардың шығарылымын уәкілетті органда тіркеу күні</p>	<p>30.11.2017 ж.</p>

*«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі
облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі*

облигациялардың саны мен түрі	Қамсыздандырылған ипотекалық атаулы купондық облигациялардың 100 000 000 данасы.
номиналдық құны бойынша шығарылым көлемі	10 000 000 000 теңге.
шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны:	100 000 000 дана.
облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі:	10 163 207 300 теңге.
осы облигациялар шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы:	01.06.2021 ж. жай-күйі бойынша. Есептелді: 3 983 333 333,29 теңге. Төленді: 3 600 000 000 теңге.
сатып алу күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны:	Эмитент облигацияларды кері сатып алған жоқ.
орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және олардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің облигация ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы:	Эмитенттің облигация ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері орын алған жоқ.
егер облигациялар шығарылымын орналастыру не айналысқа енгізу тоқтатылған (жалғастырылған) жағдайда, ондай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемесі мен күні көрсетіледі:	Осы шығарылымның облигацияларын орналастыру және айналысқа енгізуді тоқтату (жалғастыру) фактілері орын алған жоқ.
сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, облигациялар айналыста болатын нарықтар:	Облигациялар ұйымдастырылған нарықта айналысқа енгізіледі және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізімінде көрсетілген.
бұдан бұрын шығарылған, айналыстағы облигациялардың әрбір түрімен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар, оның ішінде ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар:	Облигация ұстаушылардың құқықтары: - Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Проспектіге сәйкес облигациялармен мәмілелер жасау; - осы Проспектіде көзделген талаптармен және мерзімде облигациялардың номиналды құнды алу; - осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімде бекітілген сыйақыны алу; - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі ережелерінде және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі мен оның қаржылық жай-күйі туралы қажетті ақпарат алу; - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын

*«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі
облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі*

	<p>қанағаттандыру;</p> <ul style="list-style-type: none"> - осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде облигациялар бойынша сыйақы мен негізгі борышты төлеуге қатысты Эмитент өз міндеттемелерін орындамаған әрбір күн үшін өсімпұл төлеу түрінде тұрақсыздық айыбын талап ету; - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтарды иелену.
г)	<p>үшінші облигациялық бағдарламаның шегіндегі облигациялардың төртінші шығарылымы:</p>
облигациялардың шығарылымын уәкілетті органда тіркеу күні	28.11.2018 ж.
облигациялардың саны мен түрі	Қамсыздандырылмаған атаулы купондық облигациялардың 700 000 000 данасы.
номиналдық құны бойынша шығарылым көлемі	70 000 000 000 теңге.
шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны:	420 000 000 дана.
облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі:	42 663 651 000 теңге.
осы облигациялар шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы:	01.06.2021 ж. жай-күйі бойынша. Есептелді: 11 033 634 385,74 теңге. Төленді: 9 101 994 123 теңге.
сатып алу күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны:	8 767 660 дана, 04.03.2020 ж.
орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және олардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің облигация ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы:	Эмитенттің облигация ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері орын алған жоқ.
егер облигациялар шығарылымын орналастыру не айналысқа енгізу тоқтатылған (жалғастырылған) жағдайда, ондай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемесі мен күні көрсетіледі:	Осы шығарылымның облигацияларын орналастыру және айналысқа енгізуді тоқтату (жалғастыру) фактілері орын алған жоқ.
сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, облигациялар айналыста болатын нарықтар:	Облигациялар ұйымдастырылған нарықта айналысқа енгізіледі және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізімінде көрсетілген.
бұдан бұрын шығарылған,	Облигация ұстаушылардың құқықтары:

*«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі
облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі*

	<p>айналыстағы облигациялардың әрбір түрімен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар, оның ішінде ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар:</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Проспектіге сәйкес облигациялармен мәмілелер жасау; - осы Проспектіде көзделген талаптармен және мерзімде облигациялардың номиналды құнын алу; - осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімде бекітілген сыйақыны алу; - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі ережелерінде және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі мен оның қаржылық жай-күйі туралы қажетті ақпарат алу; - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру; - осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде облигациялар бойынша сыйақы мен негізгі борышты төлеуге қатысты Эмитент өз міндеттемелерін орындамаған әрбір күн үшін өсімпұл төлеу түрінде тұрақсыздық айыбын талап ету; - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтарды иелену.
3.	Облигацияларды шығару туралы мәліметтер:	
1)	облигациялардың түрі:	Қамсыздандырылған атаулы купондық (ипотекалық) облигациялар (бұдан кейін – Облигациялар).
2)	бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі);	100 (бір жүз) теңге.
3)	облигациялардың саны:	200 000 000 (екі жүз миллион) дана.
4)	облигациялар шығарылымның жалпы көлемі:	20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге.
5)	облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:	Облигациялардың номиналды құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында – қазақстандық теңгеде белгіленген. Эмитент барлық төлемдерді (сыйақы мен борыштың негізгі сомасын төлеуді) қолма-қол ақшасыз тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) жүзеге асырады. Егер Облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, онда Облигация ұстаушыда Қазақстан

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі
облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі

			<p>Республикасының аумағында теңгемен ашылған банктік шоты болған жағдайда, Облигация бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы сомасы теңгемен төленеді. Эмитент төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінен кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигация ұстаушыдан сәйкес жазбаша өтініш алған жағдайда, төлем жасаған кезде осындай айырбастау шоты болмаған кезде теңгені басқа валютаға (тек АҚШ долларына немесе ЕУРО-ға) айырбастауға рұқсат беріледі. Аталған айырбастау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі нақты төлем жасалатын күні белгілеген ресми бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені басқа валютаға (тек АҚШ долларына немесе ЕУРО-ға) айырбастау Қазақстан Республикасының бейрезиденті – облигация ұстаушының есебінен жүргізіледі. Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигация ұстаушы пайдасына Облигациялар бойынша төлем жасаған кезде теңгені басқа валютаға айырбастауға рұқсат берілмейді. Эмитенттің айырбастау кезінде пайда болатын шығыстары Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигация ұстаушыға аударылуы тиіс сомадан ұсталады.</p>
4.	Орналастырылатын облигациялардың төлемін жасау тәсілі:		<p>Осы Шығарылым облигацияларын төлеу қолма-қол ақшасыз нысанда жүргізіледі. Облигацияларды төлеу тәртібі мен талаптары, есеп айырысу тәсілдері «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі ережесіне сәйкес жүзеге асырылады. Эмитенттің сәйкес органы Облигацияларды инвесторлардың шектелмеген тобының арасында орналастыру туралы шешім қабылдағаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында Облигациялардың орналастырылуын жоспарлау туралы хабарлама (мемлекеттік және орыс тілдерінде) жариялайды.</p>
5.	Облигациялар бойынша кіріс алу:		
	1)	облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):	Облигациялардың номиналды құнының жылдық 11,5% (он бір бүтін оннан бес пайызы) мөлшерінде Облигациялар айналысының барлық мерзіміне бекітілген.
	2)	сыйақыны төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні:	Облигациялар бойынша купондық сыйақы жылына 2 (екі) рет, Облигациялар айналысы басталған күннен бастап қатарынан әрбір 6 (алты) ай сайын барлық мерзім ішінде төленеді.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі
облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі

	3) облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн:	Сыйақы есептеу Облигациялар айналысы басталған күннен бастап жүзеге асырылады. Сыйақы есептеу Облигациялар айналысының барлық мерзімі ішінде жүргізіледі және Облигациялар айналысының соңғы күні аяқталады.
	4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:	Купондық сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында (Облигация ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің уақыты мен орналасқан жері бойынша) (бұдан кейін – бекіту күні) Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушыларының тізілімдері жүйесінде тіркелген тұлғалар сыйақы алуға құқылы. Облигациялар бойынша купондық сыйақы төлеу бекіту күнінен кейінгі күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Облигация ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен жүргізіледі. Облигациялар бойынша төлем жасалатын күні сыйақы келесі формула бойынша есептеледі: Облигациялар бойынша сыйақы = $k \cdot n \cdot c / 360 \cdot 180$, мұндағы k – Облигациялардың саны, данасы бойынша; n – бір Облигацияның номиналды құны, теңгемен; c – сыйақы мөлшерлемесі, %-бен. Үтірден кейінгі таңбалардың саны мен дөңгелектеу тәсілі «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі құжаттарына сәйкес белгіленеді. Сыйақыны соңғы төлеу Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеу мезетінде жүзеге асырылады.
	5) облигациялар бойынша сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:	Сыйақыны (купонды) есептеу үшін 360/30 (бір жылда үш жүз алпыс күн / бір айда отыз күн) уақыт негізі есепке алынады.
6.	Арнайы қаржы компаниясының қаржыландыру кезінде төмендегілер	Облигациялары шығарылған кезде жобалық қосымша көрсетіледі:
	1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері:	Қолданылмайды, Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.
	2) облигациялар ұстаушыларға негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну	

*«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі
облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі*

		тәртібі:	
	3)	арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру және активтерді инвестициялық басқару мәмілесіне қызмет көрсетуге байланысты, бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын шығыстарының тізбесі:	
7.	Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде төмендегілер қосымша көрсетіледі:		
	1)	оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері:	Қолданылмайды, арнайы қаржы компаниясы Облигацияларды шығаруды секьюритилендіру арқылы жүзеге асырмайды.
	2)	секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинатордың қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері:	
	3)	талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі:	
	4)	бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі:	
	5)	секьюритилендіру мәмілесі бойынша қызметке ақы төлеуге байланысты шығыстар және оларға сәйкес арнайы қаржы компаниясы осы шығыстарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы талаптар:	
	6)	оригинатордың және секьюритилендіру мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюритилендіруді қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер:	

*«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі
облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі*

	7)	секьюритилендіру мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтер өсімінің мөлшері, құрамы мен болжамдық талдауы:	
	8)	талап ету құқықтары біртектілігінің критерийлері:	
	9)	облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған әртүрлі шығарылымдар облигацияларын өтеу кезектілігі:	
8.	Облигацияларды орналастыру талаптары және тәртібі:		
	1)	облигацияларды орналастыру басталған күн:	Облигациялар айналысы басталған күн Облигацияларды орналастыру басталған күн болып табылады.
	2)	облигацияларды орналастыру аяқталған күн:	Облигациялар айналысы аяқталған күн Облигацияларды орналастыру аяқталған күн болып табылады.
	3)	облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):	Облигацияларды орналастыру тек бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында ғана жүзеге асырылады.
9.	Облигациялар айналысының талаптары мен тәртібі:		
	1)	облигациялар айналысы басталған күн:	«Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі ережелеріне сәйкес Облигацияларды орналастыру бойынша іске асырылған алғашқы сауда-саттық өткізілген күн Облигациялар айналысы басталған күн болып табылады. Облигациялар айналысы басталған күн туралы ақпарат «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) жарияланады.
	2)	облигациялар айналысы аяқталған күн:	Облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күні облигациялар айналысы аяқталған күн болып табылады.
	3)	айналыс мерзімі:	Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 7 (жеті) жыл.
	4)	Облигациялар айналысы жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):	Облигациялар айналысы бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында жоспарланады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқаша көзделмесе, Эмитент Облигациялар айналысында қандай да бір шектеулерді, ықтимал Облигация ұстаушыларға қатысты, оның ішінде Эмитенттің байланысты тараптары болып табылатын тұлғаларын қоса алғанда арасында Облигацияларды орналастыру болжанатын тұлғалар шеңберіне қатысты шектеулерді болжамайды.

*«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі
облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі*

10.	Облигацияларды өтеу талаптары және тәртібі:	
1)	облигацияларды өтеу күні:	Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 7 (жеті) жыл өткеннен кейін Облигациялар өтеледі.
2)	облигацияларды өтеу тәсілі:	Облигациялар айналыста болған соңғы күннен кейінгі күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Облигация айналысы кезеңінің соңғы күннің басындағы жай-күйі бойынша Облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигация ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару (теңгемен) арқылы облигациялардың номиналды құны бойынша өтеледі және сол мезетте соңғы купондық сыйақы төленеді. Эмитент барлық төлемдерді осы Проспектінің 3-тармағының 5)-тармақшасына сәйкес қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүргізеді.
3)	егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және нақтылы құнын төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің сипаттамасы және көрсетілген құқықтарды жүзеге асыруға құзыретті тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтарға өтуді іске асыру тәртібі келтіріледі:	Облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнды төлеу өзге мүліктік құқықтар бойынша жүзеге асырылмайды.
11.	Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда, төмендегілер көрсетіледі:	
1)	облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру тәртібі, талаптары:	Облигацияларды шығарылымы үшін «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі заңының (бұдан кейін – Бағалы қағаздар нарығы туралы заң) 18-4-бабында белгіленбеген сатып алудың қосымша талаптары жоқ. Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасында Облигацияларды эмитенттердің бастамасы бойынша сатып алу тәртібі көзделмегенін назарға алатын болсақ, осы тармақ Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібінің, талаптарының және мерзімінің сипаттамасын қамтиды. Облигациялар айналысының барлық мерзімі ішінде Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Облигацияларды сатып алуға (бұдан кейін – Облигацияларды сатып алу) құқылы, ал Облигация ұстаушылар өздеріне тиесілі Облигацияларды Эмитенттің
2)	облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру мерзімі:	

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі

			<p>Директорлар кеңесінің шешімінде белгіленген тәртіппен және талаптармен сатуға міндетті.</p> <p>Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бағасы, сатып алу тәртібі (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарығында) мен сатып алу күні Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімінде белгіленеді.</p> <p>Сатып алынған Облигациялар өтелген болып есептелмейді және Эмитент оларды қайта іске асыра алады.</p> <p>Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы Облигациялар сатып алынатын Облигация ұстаушылардың құқықтарының бұзылуына әкеп соқпауы тиіс.</p> <p>Облигациялар айналысының барлық мерзімі ішінде Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Облигацияларды күшін жою мақсатында сатып алуға (бұдан кейін – күшін жою мақсатында сатып алу) құқылы.</p> <p>Эмитенттің Директорлар кеңесі күшін жою мақсатында сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Облигация ұстаушылар өздеріне тиесілі Облигацияларды Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімінде белгіленген тәртіппен және талаптармен сатуға міндетті.</p> <p>Күшін жою мақсатында сатып алу сатып алу күні жинақталған сыйақыны бір мезетте төлеу арқылы Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша немесе әділ нарықтық құны бойынша жүзеге асырылады.</p> <p>Сатып алу тәртібі (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарығында) және сатып алу күні Эмитенттің Директорлар кеңесінің сәйкес шешімінде белгіленеді.</p> <p>Сатып алынған облигациялар өтелген болып есептелмейді, алайда Эмитент оларды қайта іске асыра алмайды.</p> <p>Облигацияларды күшін жою мақсатында сатып алу Облигациялар сатып алынатын Облигация ұстаушылардың құқықтарының бұзылуына әкеп соқпауы тиіс.</p> <p>Егер Эмитент барлық орналастырылған Облигацияларды бағалы қағаздардың қайталама нарығында сатып алған болса, Облигациялар шығарылымының күшін жою туралы шешімді Эмитенттің Директорлар кеңесі қабылдайды.</p> <p>Облигацияларды сатып алу және Облигацияларды күшін жою мақсатында сатып алу кезінде Облигация ұстаушы өзіне тиесілі Облигацияларды сатуды Эмитенттің Директорлар кеңесінің сәйкес шешімінде белгіленген тәртіпте, мерзімде және талаптармен жүзеге асырмаған жағдайда, Облигация ұстаушы Эмитентке аталған ұстаушыға тиесілі Облигацияларды Эмитентке сату бойынша</p>
--	--	--	--

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі

		<p>міндеттемелерді орындау күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне байланысты мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті (аталған ұстаушыға тиесілі Облигацияларды Эмитенттің сатып алынған бағалы қағаздарға арналған шотына аудару күні тұрақсыздық айыбын есептеудің соңғы күні болып табылады).</p> <p>Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу немесе Облигацияларды күшін жою мақсатында сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Эмитент сатып алуды Эмитенттің Директорлар кеңесінің сәйкес шешімі жарияланғаннан кейінгі 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады.</p> <p>Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі Облигация ұстаушылардың өкіліне хабарлау, сонымен қатар Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерінде, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі ережелерінде және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерде белгіленген тәртіпке сәйкес «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz) және Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) ақпараттық хабарлама жариялау арқылы Директорлар кеңесі осындай шешімді қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылардың назарына ұсынылады. Хабарламада Облигацияларды сатып алу немесе күшін жою мақсатында сатып алу жүзеге асырылатын күндегі жай-күйі бойынша тәртіптің, талаптардың және нұсқаманың сипаттамасы қамтылуы тиіс.</p> <p>Облигацияларды сатып алу немесе күшін жою мақсатында сатып алу жүзеге асырылғаннан кейін орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) Облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі ережелеріне сәйкес жария етеді.</p> <p>Эмитент Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 3 (үш) жыл аяқталғаннан кейін Облигацияларды мерзімінен бұрын толық көлемде өтуге (кері қайтаруға/орындауға) құқылы. Облигацияларды сатып алу Облигацияларды сатып алушының оларды Эмитенттің қалауы бойынша мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігіне келісімін білдіреді.</p> <p>Эмитент осы факт туралы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Облигациялар мерзімінен бұрын өтелетін (кері</p>
--	--	---

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі

			<p>қайтарылатын/орындалатын) күннен кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz) және Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) ақпараттық хабарлама жариялау арқылы Облигация ұстаушыларға хабарлайды.</p> <p>Мерзімінен бұрын өтеу (кері қайтару/орындау) күніне жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялар Облигациялар мерзімінен бұрын өтелетін күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде ақша аудару арқылы номиналды құны бойынша мерзімінен бұрын өтеледі (кері қайтарылады/орындалады). Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу (кері қайтару/орындау) күніндегі жай-күйі бойынша Облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигация ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы төлем жасалады.</p> <p>Эмитент барлық төлемдерді осы Проспектінің 3-тармағының 5)-тармақшасына сәйкес қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.</p> <p>Эмитент мерзімінен бұрын өтеген Облигациялар айналысқа қайта шығарылмайды.</p>
12.		<p>Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда, төмендегілер көрсетіледі:</p> <p>1) эмитент қабылдайтын және бағалы қағаздар нарығы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:</p>	<p>Облигациялар айналысының барлық мерзімі ішінде Эмитент келесі қосымша шектеулерді (ковенанттарды) сақтауы тиіс:</p> <p>а) кепілге берілген мүліктің құнын айналыстағы Облигациялар бойынша есептелген сыйақыны ескере отырып, орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) Облигациялардың жалпы номиналды құнының 110% деңгейінен төмен түсірмеу.</p> <p>б) «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың Листинг комиссиясы кеңес берген келесі көрсетілгендерді сақтауы тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Облигация Эмитенті мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартында және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың өзге ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу; • Облигация Эмитенті мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартында және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың өзге ішкі құжаттарында белгіленген Облигация Эмитентінің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін бұзуға жол бермеу, аудиторлық компанияның бұндай есептерді Эмитентке ұсыну мерзімін бұзу жағдайлары

*«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі
облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі*

	<p>2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде эмитент іс-әрекетінің тәртібі:</p>	<p>есепке алынбайды.</p> <p>Осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгені бұзылған жағдайда, Эмитент осы бұзушылықтың пайда болу себебін, оны түзету тәсілі мен мерзімін толық сипаттап, осы бұзушылық туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz) және Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) ақпараттық хабарлама жариялау арқылы бұзу орнаған күннен кейінгі келесі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигациялардың ұстаушылардың назарына ұсынады.</p> <p>Облигацияларды сатып алу туралы хабарламаның кем дегенде біреуін алған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі осы тармақтың 3)-тармақшасында көзделген сатып алу туралы жазбаша өтінімдерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті.</p> <p>Осы Проспектінің 12-тармағының 1)-тармақшасының а) абзацына сәйкес Эмитент облигациялар бойынша есептелген сыйақыларды және Кепіл тізілімін есепке ала отырып, орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) Облигациялардың жалпы номиналды құнының 110% айырмасына тең көлемдегі Облигацияларды Облигация ұстаушыларда болатын Облигациялардың санына пропорционалды түрде тепе-тең талаптармен сатып алуы тиіс.</p> <p>Осы Проспектінің 12-тармағының 1)-тармақшасының б) абзацына сәйкес Эмитент Облигация ұстаушылардың талаптары бойынша Облигацияларды келесі бағалардың ең жоғарысы бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> • жиналған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға; • Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша сатып алуға міндетті. <p>Эмитент осындай шешімді қабылдау туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz), Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) сәйкес ақпараттық хабарлама жариялау арқылы Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешімді қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылардың назарына ұсынады.</p>
--	---	---

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі
облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі

		<p>Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы сәйкес шешімді жариялағаннан кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады. Сатып алу Облигация ұстаушылар берген жазбаша өтініштер негізінде ғана жүргізіледі.</p>
	<p>3) ковенанттар бұзылған кезде облигация ұстаушылар іс-әрекетінің тәртібі:</p>	<p>Эмитенттің қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзуы туралы ақпаратпен Облигация ұстаушылар осы тармақтың 2)-тармақшасында көрсетілген мерзімде «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz), Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) таныса алады.</p> <p>Эмитенттің осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзуы туралы ақпарат алғаш жарияланған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылар өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқылы, ал Эмитент оларды қабылдауға міндетті.</p> <p>Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алуы туралы, соның ішінде Облигацияларды сатып алу жүргізілетін күн туралы ақпаратпен Облигация ұстаушылар осы тармақтың 2)-тармақшасында көрсетілген мерзімде «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz), Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) таныса алады.</p> <p>Облигация ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш береді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - заңды тұлға үшін: Облигация ұстаушының атауы, бизнес-сәйкестендіруші нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігінің (анықтамасының) нөмірі, берілген күні және берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банктік деректемелері; сатып алуға тиісті Облигациялардың саны мен түрі; - жеке тұлға үшін; Облигация ұстаушының тегі, аты және болған кезде әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні және берген орган; мекенжайы; телефондары; банктік деректемелері; сатып алуға тиісті Облигациялардың саны мен түрі. <p>Орналастырылған Облигацияларды сатып алуға өтініш бермеген Облигация ұстаушының осы</p>

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі

			проспектіде көрсетілген аталған шығарылымның айналым мерзімі аяқталған кезде өзіне тиісті Облигацияларды өтеуге құқығы бар.
13.	Айырбасталатын облигациялар шығарылған кезде төмендегі мәліметтер қосымша көрсетіледі:		
	1)	облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасын белгілеу тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар:	Осы шығарылымның Облигациялары айырбасталмайды.
	2)	облигацияларды айырбастау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталатын болса, айырбастаудың аяқталу күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталмайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі):	
	"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 61-10-тармағында көзделген негізде және тәртіпшен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға айырбастау талаптарын көрсетеді.		
14.	Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:		
	1)	осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы:	Кепіл заты: Облигациялар шығарылымын Эмитенттің ипотекалық тұрғын үй қарыз шарттары бойынша талап ету құқықтарының пулын (жиынтығын) кепілге беру қамтамасыз етеді. Кепіл құрамына енгізілген кепілге берілген

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі

		<p>мүліктің тізімі Эмитент жүргізетін кепіл тізілімінде есептелген.</p> <p>Кепіл затының құны – Эмитент Облигациялар айналыста болатын барлық мерзім бойы кепілге берілген мүліктің құнын айналыстағы Облигациялар бойынша есептелген сыйақыны ескере отырып, орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) Облигациялардың жалпы номиналды құнының 110% деңгейінен төмен түсірмеуге міндеттенеді. Кепіл затының құнын есептеген кезде ипотекалық тұрғын үй туралы қарыз шарттары бойынша негізгі борыш ескеріледі. Кепілге берілген мүліктің құнын көрсетілген деңгейде ұстап тұру үшін Эмитент кепілге берілген мүліктің құрамына кіретін мүлік құқығын ауыстырып тұруға міндетті. Кепіл мүлкін ауыстыру, есептен шығару және толықтыру жөніндегі операцияларды Эмитент Кепіл тізіліміне сәйкес өзгерістер енгізу және оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеу арқылы бекітеді.</p> <p>Облигация ұстаушылардың Өкілі Эмитенттен алынған деректердің негізінде облигация ұстаушылардың алғашқы талабы бойынша ипотекалық тұрғын үй туралы қарыз шарттары бойынша кепілге берілген талап ету құқықтар пулының құны туралы хабарлап тұруға міндетті. Эмитент және Облигация ұстаушылардың атынан әрекет ететін Облигация ұстаушылардың өкілі міндеттемелердің тиісті дәрежеде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында кепіл шартын жасасады және оны кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркейді. Кепіл шарты кепіл затын, кепілдік қамсыздандырудың мөлшерін және оны қолдау тәртібін, тараптардың құқықтары мен міндеттерін, кепіл затының жағдайына бақылау жүргізу, сондай-ақ Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ететін кепіл затын өндіріп алу тәртібін белгілейді.</p>	
	2)	<p>қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы:</p>	<p>Облигациялар бойынша есептелген сыйақыны ескере отырып, орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) Облигациялардың номиналды құнының 110% құрайды.</p>
	3)	<p>кепіл затын өндіріп алу тәртібі:</p>	<p>Кепіл затына өндіріп алу талабын қолдану тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген.</p>
15.		<p>Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе).</p>	<p>Қолданылмайды.</p>

*«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі
облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі*

16.	Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері:	Осы шығарылымның Облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.
17.	Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаның нысаналы мақсаты:	
1)	Эмитенттің облигацияларды орналастырудан алатын ақшаларды қолданудың нақты мақсаттары:	Облигацияларды орналастыру нәтижесінде алынған ақша толық көлемде жеке тұлғаларға ипотекалық кредит беру деңгейін арттыруға жөнелтіледі.
2)	инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде облигация ұстаушымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес облигация ұстаушылар өкілінің қызметіне төлем жасауға байланысты шығыстар көрсетіледі:	Осы шығарылымның Облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.
